

Тобы										
Кіші топқа арналған перспективалық жоспар										
Оқу жылы мен айы										
ЖЕЛТОҚСАН // 2021-2022										
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	2	Шығармашылық	3	Әлеумет	
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Алақай, қыс келді! / Зимунка-зима! / Winter // (1-апта)										
Мақсаты. Балалардың қыс мезгілі, қар жауыны салынан даладағы барлық жер аппақ болатыны жайында алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық талғам негіздерін қалау.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Секірейік, тоңбайық!". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету; секіру дағдыларына машықтандыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Міне, қар жауды!" Мақсаты: балаларға қыс туралы түсінік беру; тақпақ мазмұны бойынша қыстағы негізгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; тақпақты жаттауға қызығушылықтарын арттыру; қыс мезгіліне қызығушылықтарын ояту.		Сенсорика. Тақырыбы: "Қорқақ қоян". Мақсаты: балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру қабілетіне үйрету; әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, түсі және түрлі топтама қасиеттері мен сапасы бойынша бірін-біріне сәйкестендіруге дағдыландыру.		Музыка. Тақырыбы: "Аппақ қар". Мақсаты: балалардың өнді тыңдай отырып, шат-шадыман күйге бөлену сезімдерін қалыптастыру; көңілді музыка сипатына сай қимылдар жасауға жаттықтыру; ойындарда топпен бірігіуге дағдыландыру.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кенгуру ұқсап секірейік". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіруге дағдыландыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.				Жаратылыстану. Тақырыбы: "Алақай, қыс келді!" Мақсаты: балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстарымен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы білімдер негізін қалау; қыс мезгіліне деген қызығушылықты арттыру және оқу қызметінде достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		Сурет салу. Тақырыбы: "Аппақ қар". Мақсаты: балаларды қылқалам ұшымен қағаздың бетіне нүктелерді қою сурет салу тәсілімен таныстыру; сурет салуда қардың дөңгелек пішініне ұқсайтынын көрсету; қалдырған нүктелерді бақылап, бос орындарды толтыруға бейімдеу; қарды бейнелеу барысында эмоциялық сезімдерге бөленуге жағдай туғызу.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қоян секіруге шақырады". Мақсаты: балаларды бір орында тұрып қос аяқпен секіру жаттығуларын орындауда жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.						Мүсіндеу. Тақырыбы: "Қар". Мақсаты: балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; қардың қасиеттері туралы түсінік беру; өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу.			
Жайнай бер, менің Қазақстаным! / Процветай, мой Казахстан! / Prosper, my Kazakhstan (2-апта)										
Мақсаты. Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру; Отан туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.										

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсаты: балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп, өтуге үйрету; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Менің Отаным". Мақсаты: балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау; балаларды Отанға, Қазақстанға деген елжандылық сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Жүргінші жолы". Мақсаты: балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру.	Музыка. Тақырыбы: "Елімнің елтаңбасы". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Алға, Қазақстан!". Мақсаты: балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап, жүре білуге дағдыландыру; дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Алтын балық". Мақсаты: балаларды аквариумдағы балықтардың дене құрылымымен, тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; байқағыштыққа, тірі табиғат өкілдеріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Елімнің рәміздері". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тальго пойызы". Мақсаты: балалардың биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындар барысында жағымды эмоцияларға бөленуге баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Бәйтерек". Мақсаты: балаларды Бәйтерек кескінін бойына қарындашпен көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілімен таныстыру; сызықтарды жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен салуға жаттықтыру; жағымды эмоциялық сезімдер мен мақтануына мүмкіндіктер туғызу.	
Қош келдің, Жаңа жыл! / Здравствуй, Новый год! / Happy New Year // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларға қысқы мерекелердің бірі Жаңа жыл мерекесі жайында жалпы түсініктер беру; жасыл шырша, аққаламен қызықты ойындарға баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қалайық қардан аққала". Мақсаты: балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуға (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; дөңгелек заттардың домалау қасиеттерімен таныстыру; домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ғажайып дорба". Мақсаты: балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру; жаңа жыл мерекесіне қызығушылығын арттыру; ғажайып дорбаға әуестенушілігін ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Шыршаны безендіру". Мақсаты: балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; геометриялық пішіндер мен денелердің сипаты мен қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Әсем шырша". Мақсаты: балаларды әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге және топпен ілесе ән айту дағдысына үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; би әуеніне шаттану сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аққала". Мақсаты: балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалата (арақашықтығы 1-1,5м) білуге дағдыландыру; допты домалатудың техникасын жетілдіру; қол, дене бұлшықеттерін, көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қар жауды". Мақсаты: балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау; қысқы табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты ояту.	Сурет салу. Тақырыбы: "Мерекелік жалаулар". Мақсаты: балаларды доғалы сызық бойына жалауларды қылқалам арқылы салу тәсілімен таныстыру; қысқы мерекелер туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру; қылқалам түгін сызыққа тигізіп, жақпа қойып отыруға жаттықтыру; сызықты "жалауларға" толтыруға дағдыландыру.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалатайық қане біз". Мақсаты: балалардың допты қақпаның ішіне қарай домалата (арақашықтығы 1-1,5м) білу техникасын жетілдіру; көзбен дәлдеу қабілеттерін дамыту; ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.			Жапсыру. Тақырыбы: "Шырша шары". Мақсаты: балаларды үлкен домалақ кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
Жаңа жылдық сыйлықтар / Новогодние подарки / New year present // (4-апта)					
Мақсаты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарға деген ерекше қызығушылықтарын тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жаңа доп". Мақсаты: балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; мәдени-тазалық шараларын сақтауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Үйшік" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарманы мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету; жабайы аңдардың тіршілігіне әуестенушілігін арттыру.	Құрастыру. Тақырыбы: "Мұнара". Мақсаты: балаларды текше мен призмалардан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету; еңбек нәтижесіне шаттану әдетін қалыптастыру.	Музыка. Тақырыбы: "Аяз ата сыйлығы". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсаты: балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыра білу қабілеттеріне жаттықтыру; лақтыру кезінде қол, саусақ бұлшықеттерін дамыту; зеректікке, ептілікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жасыл шырша". Мақсаты: балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; шырша ағашына деген қызығушылықты ояту және табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Ғажайып сыйлықтар". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты қағып алу". Мақсаты: балалардың допты қағып алып, қайтадан лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; көзбен дәлдей білуге, шапшаң, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Шыршадағы ойыншықтар". Мақсаты: балалардың сурет салуға арналған шырша сұлбасына қызығушылығын оятып, қылқаламның ұшымен көлемі әртүрлі нүктелермен шырша кескініне толықтырып, бояуға үйрету; жаңа жылдық мереке туралы түсінік беру; шыдамдылық тәрбиелеу.	